

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстандық Балқаш торабын беру шарттары және оны зымыран шабуылы туралы Ресей ескерту жүйесінде одан әрі пайдалану тәртібі туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 1243 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстандық Балқаш торабын беру шарттары және оны зымыран шабуылы туралы Ресей ескерту жүйесінде одан әрі пайдалану тәртібі туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетовке Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстандық Балқаш торабын беру шарттары және оны зымыран шабуылы туралы Ресей ескерту жүйесінде одан әрі пайдалану тәртібі туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министри

K. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2014

жылғы

27

қарашадағы

№

1243

қаулысымен

мақұлданған

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстандық Балқаш торабын беру шарттары және оны зымыран шабуылы туралы Ресей ескерту жүйесінде одан әрі пайдалану тәртібі туралы келісім

(2014 жылғы 12 желтоқсанда уақытша күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2015 ж., № 2, 10-күжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі, зымыран шабуылы туралы Ресей ескерту жүйесінде жұмыс істейтін қазақстандық

Балқаш торабын (бұдан әрі – Балқаш торабы) сақтауға, дамытуға және жетілдіруге Тараптардың мүдделілігін ескере отырып, сондай-ақ оны одан әрі пайдалануды ұйымдастыруға жаңа тәсілдерге сүйене отырып,

1992 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартты, 1994 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Әскери ынтымақтастық туралы шартты,

1992 жылғы 6 шілдеде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер жасасқан Зымыран шабуылы туралы ескерту және ғарыш кеңістігін бақылау жүйелерінің құралдары туралы келісімді негізге ала отырып,

Тараптар мемлекеттерінің стратегиялық тұрақтылығын қолдау және әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде зымыран шабуылы туралы ескерту жүйесінің (бұдан әрі - ЗШЕЖ) және ғарыш кеңістігін бақылау жүйесінің (бұдан әрі - ФКБЖ) ерекше мәртебесін растай отырып,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының өнірлік әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйесін дамытудағы өзара мүдделерін қамтамасыз ету қағидаттарын ұстана отырып,

Балқаш торабының жауынгерлік тұрғыда қызмет атқаруы қоршаган ортаға және адамдардың өміріне қауіп төндірмеуге тиіс екеніне сүйене отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Осы Келісім Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Балқаш торабын Ресей Тарапына беру шарттарын, сондай-ақ оны одан әрі пайдалану тәртібін айқындаиды.

Осы Келісімге қол қойылған күні Ресей Тарапының пайдалануында болған Балқаш торабы 1994 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан зымыран шабуылы туралы ескерту жүйесінің Балқаш торабын ұстau және пайдалану тәртібі туралы келісімге сәйкес осы Келісімнің шарттарында оны пайдалануды жалғастырады. Бұл ретте координаттық нұктелерінің тізбесі осы Келісімге қосымшада келтірілген, Балқаш торабы жер участкерінің жаңа шекаралары белгіленеді.

2-бап

1. Тараптардың осы Келісімді іске асыру бойынша уәкілетті органдары:
 - 1) Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;
 - 2) Ресей Тарапынан - Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі болып

т а б ы л а д ы .

2. Эрбір Тарап осы Келісімді іске асырудың практикалық мәселелерін қарау үшін уәкілеттік берілген лауазымды адамды (бұдан әрі – Тараптардың уәкілеттік берілген адамдары)

тағайындауды.

3. Тараптар Балқаш торабының жер участеклері мен мүлкін беру және қабылдау үшін Тараптардың уәкілеттік берілген адамдары басшылары болып тағайындалатын, Балқаш торабының жер участеклері мен мүлкін қабылдау/беру жөніндегі бірлескен комиссияның тиісті бөліктерін қалыптастырады.

4. Тараптар Тараптардың уәкілетті органдарын және/немесе уәкілеттік берілген адамдарын ауыстырғаны және/немесе қосымша тағайындағаны туралы бірін-бірі дипломатиялық арналар арқылы дереке хабардар етеді.

3-бап

1. Балқаш торабы Қазақстан Республикасының меншігі бола тұра, жылжымайтын және жылжымалы мүліктен (бұдан әрі - инфрақұрылым) және Балқаш торабының инфрақұрылымы орналасқан жер участеклерінен тұрады.

2. Жылжымайтын мүлік құрамына зымыран шабуылы туралы Ресей ескерту жүйесіндегі міндеттерді шешуге арналған технологиялық объектілер мен қамтамасыз ету

объектілері кіреді.

Технологиялық объектілерге қолданыстағы бір «Днепр» радиолокациялық станциясы, негізгі төмендегі шағын станциялары, су алу құрылыштары, құрылыштары мен коммуникациялары бар радиолокациялық станцияның инженерлік кешендері, оларға кіретін жабдық пен аппаратуры бар байланыс және деректерді беру пункттері, әкімшілік ғимараттар мен құрылыштар, қару-жарақ пен техниканы сақтау қоймалары мен жөндеу пункттері, кірме жолдар, күзет қоршаулары мен құрылыштар жатады.

Қамтамасыз ету объектілеріне әскери қалашықтың тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық, коммуналдық ғимараттары мен құрылыштары, медициналық мекемелері, инженерлік жүйелері мен кешендері жатады.

3. Жылжымалы мүлік құрамына әскери табельдік және тыл мүлкі кіреді.

4. 1991 жылғы 31 тамыздан кейін сатып алынған және Балқаш торабына жеткізілген жылжымалы мүлік, технологиялық объектілердің жабдығы мен аппаратурыны оны сатып алуды, жеткізууді, пайдалануды және жөндеуді қаржыландыруды жүзеге асырган

Тарапқа тиесілі болады.

Осындай мүлікті, технологиялық объектілердің жабдығы мен аппаратурынын жеткізу жөніндегі іс-шаралар Тараптардың уәкілетті органдарының келісіүі бойынша жүзеге

асырлады.

5. Тараптардың уәкілеттік берілген адамдары осы Келісімге қол қойылған күннен бастап бір жыл ішінде осы Балқаш торабы мүлкінің құндық және сандық мәнінің

мәліметтерін, санаттарын, сондай-ақ Балқаш торабы жер участекелерінің жай-күйін санитариялық-экологиялық бағалауды қамтитын, Балқаш торабын Ресей Тарапының уәкілетті органына беру актілерін бекітеді.

Ресей Тарапына пайдалануға берілетін Балқаш торабының жылжымалы және жылжымайтын мұлкі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағаланады.

Балқаш торабын пайдалану мүмкін болмайтын Ресей Тарапына тиесілі жылжымалы және жылжымайтын мүлік Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес бағаланады және осы Келісімнің қолданылуы тоқтатылғаннан кейін Тараптар айқындайтын шарттарда және мерзімдерде Қазақстан Тарапына беріледі.

4-бап

1. Балқаш торабының инфрақұрылымы мен жер участекелері Ресей Тарапына пайдалануға :

1) Балқаш торабының инфрақұрылымы мен жер участекелерін осы Келісімге сәйкес тек нысаналы мақсаты бойынша пайдалану;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік және әскери басқару пункттеріне ЗШЕЖ-ден және ФКБЖ-ден ақпарат беру;

3) Тараптар уәкілетті органдарының Балқаш торабын бірлесіп пайдалануына кезең-кезеңмен көшуді үйымдастыру шарттарында беріледі.

Көрсетілген іс-шараларды іске асыру тәртібі осы Келісімнің 6-бабында айқындалған.

2. Ресей Тарапы Балқаш торабының жер участекелерін Тараптардың немесе үшінші елдердің өзге де жеке және заңды тұлғаларының пайдалануына бере алмайды.

3. Балқаш торабының жерін пайдалануға және шаруашылық қызметіне байланысты салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен есептеледі және төленеді.

5-бап

1. Балқаш торабының жылжымалы және жылжымайтын мұлкін түгендеуді жыл сайынғы негізде Тараптардың уәкілетті органдарының бірлескен түгендеу комиссиясы жүргізеді және ол тиісті актілермен ресімделеді.

2. Түгендеу барысында Балқаш торабының жылжымалы және жылжымайтын мұлкінің жетіспегені, ұрланғаны және (немесе) бұлінгені анықталған кезде Тараптардың уәкілеттік берілген адамдары келіскең актілер және Қазақстан Республикасының мұлкіне залал келтіру фактілері бойынша тергеп-тексеру материалдары, оның ішінде Балқаш торабының жылжымалы және жылжымайтын мұлкінің жетіспеуін қалпына келтіруге және (немесе) бұлінгенін кәдеге жаратуға

арналған шығыстардың есептері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаралады.

Анықталған және Ресей Тарапының уәкілетті органымен келісілген, Ресей тарапы келтірген Қазақстан Республикасының мүліктік шығынының орнын толтыруды Ресей Тарапының уәкілетті органы жүзеге асырады.

3. Осы Келісімнің қолданылу мерзімі өткеннен кейін, осы Келісімнің қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Тараптардың уәкілеттік берілген адамдары келіскең, оларда орналасқан инфрақұрылым объектілерімен Балқаш торабының жекелеген участекерін пайдаланудан шығару туралы ұсыныс енгізілген жағдайларда Балқаш торабының жер участекері мен мүлкі одан әрі мақсатты пайдалануға жарамды жай-куйінде Қазақстан Тарапына қайтарылады. Балқаш торабының мүлкі оның амортизациясы ескеріле отырып қайтаратады.

Балқаш торабының жер участекері мен мүлкін қабылдауды және беруді барлық жағдайларда Балқаш торабының жер участекері мен мүлкін қабылдау/беру жөніндегі бірлескен комиссия жүзеге асырады.

Пайдаланудан шығарылатын Балқаш торабы аумағының және онда орналасқан инфрақұрылым объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Балқаш торабы қызметінің салдарын жою жөніндегі іс-шаралар 1994 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Әскери ынтымақтастық туралы шартқа сәйкес іске асырылады.

4. Осы Келісімнің 3-бабына сәйкес Қазақстан Республикасына тиесілі және есептен шығарылуға жататын Балқаш торабының жылжымалы және жылжымайтын мүлкіне билік ету барлық жағдайларда Тараптардың уәкілеттік берілген адамдарының келісілген ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Ресей тарапы келтірген Қазақстан Республикасының мүліктік шығынын есептеу тәртібі мен көлемдері, оның ішінде тиісті шоттарды жүргізу ді Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары айқындайды.

6-бап

Балқаш торабының жұмыс істеуін және Тараптардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында осы Келісім шенберінде:

1. Ресей Тарапының уәкілетті органы:

1) Балқаш торабын қолдануды жоспарлауды жүзеге асырады және жыл сайын бірінші тоқсанда оны жұмыс істеуге қабілетті жай-куйде ұстау мақсатында Балқаш торабының қуралдарында жоспарланған жұмыстар тізбесін Қазақстан Тарапының уәкілетті органының назарына жеткізеді;

2) Балқаш торабының инфрақұрылымын пайдалануға, ұстауға және дамытуға арналған шығыстарды қаржыландырады;

3) Балқаш торабын бірлесіп пайдалану және жауынгерлік кезекшілікті атқару үшін тағайындалған Қазақстан Тарапының командалық және инженерлік кадрларын да ярлауды жүзеге асырады;

4) 2016 жылдың соңына дейін іс-шараларды іске асырады және одан әрі Қазақстан Республикасының мемлекеттік және әскери басқару пункттеріне:

Тараптар келісken көлемде, зымыран шабуылы туралы автоматтандырылған құлақтандыру жүйесіндегі зымырандық жағдай;

ақпараттық бюллетенъдерді ай сайын беру түрінде шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың ғарыш кеңістігін игеруі мен пайдалануы;

ғарыш обьектілерінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы ғарыш аппараттарымен болжамды қауіпті жақындауы;

Қазақстан Республикасы үшін қауіп төндіретін, жанатын ғарыш обьектілерінің болжамды құлау аудандары;

Қазақстан Республикасы аумағының үстінен шетелдік ғарыштық барлау аппараттарының ұшып өтуі туралы автоматтандырылған құлақтандыру жүйесіндегі есептеулер үшін шетелдік ғарыштық барлау аппараттары орбиталарының параметрлері туралы ақпаратты беруді жүзеге асырады.

2. Қазақстан Тарапының уәкілетті органдары:

1) Балқаш торабын бірлесіп пайдалану және онда жауынгерлік кезекшілік атқару үшін тағайындалған Қазақстан Тарапының әскери қызметшілері мен азаматтық персоналы адамдарының қызметін қамтамасыз етеді;

2) Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының әуе шабуылына қарсы қорғанысының бірыңғай өнірлік жүйесінде Балқаш торабын әуе шабуылына қарсы бүркемеледі жүзеге асырады;

3) Балқаш торабы орналасқан аудандағы жерүсті, әуе, радиоэлектрондық, химиялық, биологиялық, метеорологиялық жағдай және төтенше жағдайлардың туындау қаупі туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.

3. Тараптардың уәкілетті органдары:

1) өзара келісу бойынша Балқаш торабын бірлесіп пайдалануға, жауынгерлік кезекшілікті қамтамасыз етуге және атқаруға арналған өз әскери құралымдарының (бұдан әрі – әскери құралымдар) құрылымын, штат санын, Балқаш торабының жауынгерлік даярлығын ұйымдастыру, күзету мен қорғау үшін қажетті қару мен оқ-дәрілердің санын және номенклатурасын бекітеді;

2) Балқаш торабының жұмыс істеуі үшін қажетті қару-жарал пен әскери техниканы, технологиялық жабдықты, басқа да материалдық құралдарды әкелу/әкету жоспарларын, сондай-ақ Балқаш торабының инфрақұрылымын пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған

ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың жоспарларын келіседі;

3) Балқаш торабы орналасқан ауданда төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын жою жөніндегі келісілген шараларды қабылдайды.

7-бап

1. Балқаш торабының кезекші есептоптарының жауынгерлік кезекшілікті атқаруын үйымдастыру, сондай-ақ Ресей Федерациясының мемлекеттік құпиясын құрайтын мәліметтерге жіберу Ресей Федерациясының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Бірлескен жауынгерлік кезекшілікті атқару тәртібі Тараптардың уәкілетті органдары бекітетін Ережеде айқындалады.

8-бап

1. Балқаш торабында қызметті үйымдастыру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін экологиялық нормалар мен талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады.

Балқаш торабының жер участкерінде халықтың денсаулығына және қоршаған ортаға қауіп төндіретін радиоактивті, улы заттарды және басқа да өнімді кәдеге жаратуға және көмуге тыйым салынады.

Балқаш торабының аумағында экологиялық талаптарды орындауды және табиатты қорғау іс-шараларын бақылауды Қазақстан Тарапының қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыретті органымен келісу бойынша Ресей Тарапының уәкілетті органы әскери құралымының бастығы үйымдастырады.

2. Балқаш торабының жер участкерінде геологиялық барлау және пайдалы қазбаларды игеру жүргізілмейді.

Балқаш торабының жер участкерінде аң аулау, балық аулау және жабайы өсетін өсімдіктерді жинау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес арнайы рұқсаттар негізінде жүзеге асырылады.

3. Балқаш торабының аумағынан тыс жерде оның қызметін қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты, Қазақстан Республикасының аумағындағы Ресей Федерациясы әскери құралымының қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Ресей Тарапы уәкілетті органының әскери құралымы келтірген экологиялық залалдың орнын Ресей Тарапы толтырады. Бұл ретте залалдың мөлшері және оның орнын толтыру нысандары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

9-бап

1. Осы Келісімнің күші қолданылатын әскери қызметшілердің және басқа да адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында болу мәселелері 1995 жылғы 20 қантардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында уақытша болатын Ресей Федерациясы әскери құралымдарының мәртебесі туралы келісіммен реттеледі.

2. Осы Келісімнің күші қолданылатын Ресей Федерациясы азаматтарының мемлекеттік шекарадан өтуі 1998 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері туралы келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

10-бап

Әскери тасымалдау тәртібі және олар үшін есеп айырысу 1995 жылғы 20 қантардағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Мемлекетаралық әскери тасымалдауды және олар үшін есеп айырысуды ұйымдастыру туралы келісіммен айқындалады.

11-бап

1. Тараптардың уәкілеттік берілген адамдары өзара келісу бойынша тиісті мәліметтер мен құжаттарды ұсына отырып, Қазақстан Тарапы уәкілетті органдарының әскери құралымы әскери қызметшілерінің, Балқаш торабының жер участкерлері мен мүлкін қабылдау/беру, түгендегі бірлескен комиссия мүшелерінің, Балқаш торабы мүлкінің жай-күйін бағалау жөніндегі мамандардың және экологиялық және табиғатты қорғауды бақылау жүйесінің іс-шараларын іске асыру шеңберінде әрекет ететін уәкілетті мемлекеттік органдардың Балқаш торабының технологиялық объектілеріне кіруін ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

2. Осы Келісімді іске асыру кезінде құпия ақпараттың қорғалуын қамтамасыз ету мәселелері 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісіммен реттеледі.

12-бап

Тараптар Балқаш торабында өз әскери құралымдарының қызметін жүзеге асыруға байланысты қаржылық шығыстарды дербес көтереді.

13-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

14-бап

Осы Келісімді түсіндіруге және орындауға қатысты туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

15-бап

Осы Келісім оған қол қойылған күннен бастап он күндік мерзім өткеннен кейін уақытша қолданылады және Тараптардың оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім 5 жылға жасасылады және егер Тараптардың ешқайсысы 5 жылдық кезең және әрбір кейінгі 3 жылдық кезең аяқталғанға дейін кемінде 6 ай бұрын өзінің оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша нысанда хабардар етпесе, автоматты түрде кейінгі 3 жылдық кезеңдерге ұзартылады.

2014 жылы _____ қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі төлнұсқа данада жасалды әрі екі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

Қазақстан

Республикасының

Үкіметі

мен

Ресей

Федерациясының

Үкіметі

арасындағы

Қазақстандық

Балқаш

торабын

беру

шарттары

және

оны

зымыран

шабуылы

туралы

Ресей ескерту

жүйесінде

одан

әрі

пайдалану

тәртібі

туралы

келісімге

қосымша

Балқаш торабы жер участеклерінің шекараларын айқындайтын

координаттық нүктелер

ТІЗБЕСІ

Нұктес №	Солтүстік ендік			Шығыс бойлық		
	градустар	минуттар	секундтар	градустар	минуттар	секундтар
1.	46	38	30	74	30	15
2.	46	38	05	74	32	10
3.	46	37	55	74	32	13
4.	46	37	03	74	32	49
5.	46	36	05	74	32	05
6.	46	35	49	74	31	47
7.	46	35	49	74	31	41
8.	46	35	50	74	31	40
9.	46	35	59	74	31	43
10.	46	36	06	74	31	12
КЖ-42-дегі № 2 участкенің географиялық координаттары (су алу құрылыштарының торабы)						
Нұктес №	Солтүстік ендік			Шығыс бойлық		
	градустар	минуттар	секундтар	градустар	минуттар	секундтар
1.	46	35	12	74	26	50
2.	46	35	17	74	27	04
3.	46	35	08	74	27	13
4.	46	35	01	74	26	58

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК